

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ
ГЕОГРАФИЯ ЖӘНЕ ТАБИҒАТТЫ ПАЙДАЛАНУ ФАКУЛЬТЕТИ



**Студенттер мен жас ғалымдардың
«ФАРАБИ ӘЛЕМІ» атты
халықаралық ғылыми конференциясы
(6-8 сәуір 2021 ж.)**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің география және табиғатты пайдалану факультеті **2021 жылдың 6-8 сәуір күндері өтетін студенттер мен жас ғалымдардың «ФАРАБИ ӘЛЕМІ» атты халықаралық ғылыми конференциясына қатысуға шақырады.**

Конференцияға қатысуға Қазақстан Республикасы мен шетелдің жоғары оқу орындарында білім алатын студенттер, магистранттар, докторанттар және жас ғалымдар шақырылады.

Конференцияға қатысушылардың баяндамалары 2021 жылдың 6-сәуірінен бастап секция отырыстарында **қашықтық форматта** тыңдалады.

Конференцияның негізгі мақсаты мен міндеттері:

- 1) студенттер мен жас ғалымдар ғылыми-ізденіс және оқу-танымдық іс-әрекетін ынталандыру;
- 2) студенттер мен жас ғалымдарды қазіргі ғылым мәселелерін шешуге тарту;
- 3) студенттердің шығармашылық қабілеттерін ашып дамыту және талантты, әрі дарынды студенттерді қолдау;
- 4) студенттердің интеллектуалды мүмкіншіліктерін дамытуға ықпал ету.

Конференция шеңберінде 6-сәуірден бастап келесідей іс-шаралар өткізіледі:

1. Дөңгелек үстелдер;
2. Ғылыми пікірталастар;
3. Мастер-класстар;
4. Көрнекі ғалымдармен, саясаткерлермен және заңгерлермен кездесу.

Халықаралық конференцияның жұмыс тілдері – **қазақ, орыс, ағылшын.**

Тіркеу қағазы мен тезистердің электронды нұсқасы 2021 жылдың 20 наурызына дейін конференция хатшылары қабылдайды.

Конференция барысында түрлі заманауи ғылым саласының өзекті мәселелері келесі бағыттар бойынша секциялық отырыстарда талқыланады:

<i>№ р/н</i>	<i>№</i>	<i>Бөлімдердің атауы</i>	<i>Жауапты тұлғаның аты-жөні</i>	<i>Байланыс мәліметтері</i>
1.	1	Геожүйелер мен геоақпараттық картографиялау	Аталыкова Назым Султанғалиевна	+7 775 933 86 26 naz_atalykova96@mail.ru
		Қолданбалы геодезия		
		Цифрлық картография және табиғи-техногенді тәуекелдер		
4.	2	Туризм және қонақжайлылық	Калимбетов Есен Абдуалиевич	+7 702 587 58 01 sidite_doma@mail.ru
		Туризм		
		Қонақжайлылық		
7.	3	Гидрометеорологияның заманауи мәселелері		
		Гидрология	Ердесбай Алмат Нұрбақұлы	+7 702 987 45 90 yerdesbay.almat@gmail.com
		Метеорология	Оракова Гульнар Орынбасаровна	+7 701 369 94 56 gorakova010@gmail.com
10.	4	Экология және адам тіршілік қауіпсіздігі	Жолдасбек Акнур Ерлановна	+7 747 905 66 77 aknura.zholdasbek@gmail.com
11.	5	География, жерге орналастыру және кадастрдың өзекті мәселелері		
		География	Амангелді Озерке	+7 708 160 67 44 amangeldy.ozerke@mail.ru
		Жерге орналастыру	Үркінбай Жанна Асанханқызы	+7 707 653 84 97 zhanna_bal_97@mail.ru
		Кадастр		

Конференция материалдары жинақ түрінде баспадан шығарылады.

Конференцияға қатысушылар тіркеу қағазы мен тезисті келесі талаптарға сәйкес ұсыну керек:

Конференцияға қатысушы тіркеу қағазы:

Аты-жөні: _____

Оқу немесе жұмыс істеу орны: _____

Қызметі (студенттер үшін – курс), ғылыми дәрежесі: _____

Байланыс ақпараты: _____

Электронды мекен-жай: _____

Конференция жинағын жіберу мақсатында мекен-жайды көрсетіңіз:

Конференция секциялары: _____

Баяндама түрі: стенд баяндама немесе ауызша хабарлама

Баяндаманы көрсетуге қажетті техникалық құралдар: _____

Студенттер үшін ғылыми жетекшінің аты жөні, ғылыми дәрежесі көрсетілуі қажет.

* * *

КОНФЕРЕНЦИЯ МАТЕРИАЛДАРЫ КЕЛЕСІ ТҮРДЕ РӘСІМДЕЛУ КЕРЕК:

- Тезис көлемі – 1 беттен артық болмауы тиіс (студенттер, магистранттар мен докторанттар үшін бірдей);
- Тезистерде пайдаланған әдебиеттер тізімін көрсетуге рұқсат етілмейді, мәтіннің ішінде дәйексөздерді пайдалануға рұқсат етіледі. Мысалы, (Иванов, 2019);
- Парақша өлшемдері: жоғары – 2 см, төменгі – 2 см, сол жақ – 3 см, оң жақ – 1,5 см.
- Шрифт Times New Roman, KZ Times New Roman – 12 pt
- Жоларалық интервал – бірлік, абзац – 1 см; кітаптық бағдар; беттер қойылымсыз және колонтитулсыз болуы тиіс; мәтін ені бойынша туралануы қажет;

Материалдарға қосымша, сондай-ақ автор (өтінім) туралы ақпаратты қамтуы тиіс. Файл avtor.doc деп аталынып, автордың аты, яғни конференцияға қатысушы студенттің аты **латын әріптерімен** жазылуы қажет. Мысалы, Ivanov.doc. Тезистер Microsoft Word форматында сақталынуы тиіс.

* * *

МАҚАЛАНЫ ОРЫНДАУ РЕТІ:

Жаңа жолдың ортасында **БАС ӘРІПТЕРМЕН** мақала атауы **қою шрифтпен** көрсетіледі.

Бір жолдан кейін мақала авторының аты-жөні Times New Roman 11 pt. шрифтпен жолдың ортасында көрсетіледі.

Ғылыми жетекшінің аты-жөні төменде, Times New Roman 11 pt. шрифтпен жолдың ортасында көрсетіледі.

Келесі жолда автордың мекемесі, ал одан кейінгі жолда автордың e-mail-ы көрсетіледі.

Бір жолдан кейін мақаланың өзі енгізіледі.

Конференцияның ұйымдастыру комитеті негізгі бағыттар мен негізгі талаптарға жауап бермейтін тезистерді баспаға ұсынбауға құқылы. Ұйымдастыру комитеті материалдарды өңдеу мен түзету жұмыстарын орындамайды. Әрбір тезистің авторы жіберген мәліметтері үшін жауапты.

Бір автордан 2 тезистен артық жұмыс қабылданбайды.

(!) Тезис мәтінінің көлемі 1 беттен аспауы тиіс (суреттер пайдаланылмасын).

Ұйымдастыру комитетіне келіп түскен материалдар конференцияның жинағында басылып шығады.

Ұйымдастыру комитетінің мекен-жайы:

Қазақстан Республикасы, 050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71.

Тел.: жұмыс: +7 (727) 3773333 (ішкі 1228); моб.: +7 702 275-85-75 – география және табиғатты пайдалану факультетінің СҒЗЖ жетекшісі Моминов Серик Абдукаримович.

